

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитеттің мәжілісі**

№8 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

16.04.2024 ж.

Қатысқандар:

АК төрайымы:

1.Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы

АК мүшелері:

2.	Агабекова Актолкын Бекарысовна	- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а.
3.	Калимбетова Жансая Сейдахановна	- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы
4.	Исабеков Жәнібек Назарбекұлы	- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а.
5.	Бабахан Шохрух Абдилқасымұлы	- Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы
6.	Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич	- «КТЗ» АҚ-ның басқарма төрағасы
7.	Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы	- МЭЭ-211 тобының 2 курс магистранты
8.	Ордабек Аяулым Бағдатқызы	- АЭЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы

Қатыспағандар: жок

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
- ББ шенберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
- Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу
- ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
- Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста каралатын мәселелер: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шенберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

АК мүшесі Агабекова А.Б. бірінші мәселе бойынша: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау: ББ іске асыру үшін университеттің басты мүмкіндігі ретінде оның кадрлық және әлеуметтік ресурстарын, материалдық-техникалық базасын, ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз етуін басты назарға аламыз. ББ-ны іске асыру тиісті және реңим

құжаттармен расталған білімі бар ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, оку процесінің материалдық-техникалық базасы оку жоспарында қарастырылған білім алушылардың оку, хөрханалық, практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлері үшін тиісті санитарлық және өртке қарсы ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі керек. ББ барлық оку курстары, пәндер бойынша оку-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс және де ЖОО экономиканың нақты секторының кәсіпорындарымен және ұйымдармен жолға қойылған әріптестік байланыстары негізінде іске асырылады. Осыны ескере отырып, кафедраға қарасты ББ үшін университеттің мүмкіндіктері өте көп деп атап аламын. ББ іске асыру үшін кадрлық және әлеуметтік ресурстар, материалдық-техникалық база, әкпараттық-кітапханалық қамтамасыз етілуі өз деңгейінде жеткілікті деп ойлаймын. Дегенмен, ББ іске асыруды одан әрі жандандыру үшін әрі қарай да жұмыстар жасалуы тиіс, кем тұстары жетілдірілуі тиіс.

Шешім: 1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктері әрі қарай жетілдірілсін.

АК мүшесі, Бабахан Ш.А. екінші мәселе бойынша: ББ шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау

Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін бакалавр және магистратура ББ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы №634 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім беру кызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» құжатына сай кафедраға қарасты ББ шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін 2023-2024 оку дылдың басында анықталып, бекітілген болатын. Бекітілген кестеге сай ОПК біліктілік курстарына өтті. Сонымен қатар осы оку жылында университет тарапына кафедра ОПК-сына Coursera платформасына курстардан өту мүмкіндіктері берілді. Курсарға тіркелген ОПК құрамы курстардан өтіп, сертификаттарын алды.

Шешім: 2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімі анықталды.

АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурска ұсыныс әзірлеу мәселесі бойынша сөз алды. Әр оку жылында 6B071-Инженерия және инженерлік іс бағыты, оның ішінде 6B07153 – Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ, 7M07158-Автоматтандыру және басқару және 7M07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасына кадр тапшылығын жою мақсатында әр жыл сайын оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұйымдастырыльш, университет сайтынан жарияланады. 2024-2025 оку жылына да оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұйымдастырылайын деп отыр.

Шешім: 3. Кадр тапшылығын жою максатында 2024-2025 оку жылына да оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұйымдастырылсын.

АК мүшесі, Исабеков Ж.Н. күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша: ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оку-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау. ББ пәндерін оқыту барысында біршама жетіспейтін оқулықтар, әкпараттық-кітапханалық қамтамасыз етілуі жағдайы анықталды, жетіспейтін оқулықтарға тапсырыс берілді.

Шешім: 2. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оку-әдістемелік құралдарға тапсырыс берілді.

АК мүшесі Худайбергенов Б.А. Құрметті АК мүшелері сәуір айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шенберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оку-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау мәселелері қарастырылды және сәуір айында атқарылған іс шаралар өз деңгейінде орындалып жатқындығын айтқым келеді.

Шешім: Сәуір айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрағасы:**

О.Д.Меирбекова